

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

12. <https://www.nur.kz/society/1749815-perenervnicala-dusivsaa-rebenka-vospitatel-v-temirtau-obasnila-svou-zestokost/>

13. <https://ru.sputnik.kz/20220908/vospitatel-bila-syna-mat-o-vopiyuschem-sluchae-v-detsadu-kokshetau-27402999.html?ysclid=lgkwf11yvb889762338>

14. Кастеева Ж.А., Муратбаева Н.Ж. Предупреждение насилия в дошкольных учреждениях: практические аспекты. - Астана: Электронный ресурс, 2017. - 150 с.

ӘОЖ 37.013.42

ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ СУБМӘДЕНИЕТТІЛІККЕ ЕЛІКТЕУІНЕ ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР

Ғабдыжалил Рабиға Абайқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының
2 - курс студенті
Астана, Қазақстан

Бүгінгі қоғам дамуы немесе әлемдік мәдениеттің ашықтығы, білім кеңістігінің қолжетімділігі жастардың мәдени болмысына әсер етпей қойған жоқ. Соның ішінде субмәдениеттілік. Оны жастардың арасынан өзіндік көзқарасына, қызығушылығына байланысты әртүрлі келбетін кездестіруге болады. Әсіресе олардың сырт келбетіне қарау арқылы өтпелі кезеңдегі, яғни 11 мен 15 жас аралығындағы балалар екенін байқауға болады. Сонымен «Субмәдениет» термині (лат. sub – асты... қосымша және мәдениет) кез келген әлеуметтік немесе демографиялық топтың мәдениетін білдіреді. Баланың әлеуметтік мәдени әлемі оның әлеуметтік-педагогикалық сипатын көрсетеді, айналасындағы құбылыстарға назар аударып, өзіндік пікір беріп, оны қабылдауы және оған жауап беруі оның жасерекшелігіне байланысты әлеуметтенінің көрінісі. Ол қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге араласа отырып, сол қоғамдық ортаға бейімделеді және қарым-қатынас жасайды. Колумбаева Ш.Ж. Әлеуметтік педагогика [1] атты оқулығында баланың әлеуметтік мәдениетінің негізі әлеуметтік педагогикалық сапасының сипаттарын төмендегідей бөліп көрсетеді:

- айналадағы ортаны қабылдау, оған жауап беру;
- сөйлесе білу;
- жан дүниесі және көңіл-күйі;
- өзінше көрінуі (тұлғалық Менінің көрінуі), айналаға қарым-қатынасы, өзара қатынасы;
- тәртібі, іс-қимылы, әрекеті.

Жоғарыда айтылған сапалардың ішіндегі сөйлесе білу қазіргі таңдағы туындап жатқан мәселелердің негізі болып отыр. Себебі бала күнінің көп бөлігін телефонда өткізу арқылы шынайы қарым-қатынасқа түспегендіктен сөйлеу мәдениеті сақталмайды. Бұл қиындықтар баланың отбасы мүшелерімен, достарымен араласуында байқалыды. Бала өз ойын, қалауын еркін жеткізуге ұялады. Жан-дүниесінде болып жатқан өзгеріспен ашық түрде бөлісе алмағандықтан көңіл-күйіне әсер етеді. Оған айналасындағылардан қандайда бір жағымсыз пікір естісе агрессивті түрде жауап беріп, уақыт өте олардың пікірін елемей өз қалауын жасап, өзін басқаша көрсетеді. Осы мәселелерден кейін ол өз бойынан осы кемшілікті жасыру үшін сыртқы бейнесін өзгертеді. Осылайша субмәдениет өкілі атанады. Жалпы айтылған әлеуметтік мәдени сапалардың барлығы қазіргі өтпелі кезеңдегі балалардың бойынан табылады. Біздің қоғамда енді актуалды болып жатқан субмәдениет шын мәнісінде 1950 жылы американ социологы Дэвид Райзмен өзі алғаш субмәдениет терминін зерттеген болатын. Ол

субмәдениетті өзіндік стилі мен құндылықтары арқылы ерекшелінетін адамдар тобы деп көрсеткен. Субмәдениеттің мағынасын тереңірек зерттеген Дик Хэбдидж өзінің кітабында «Субкультура: значение стиля» деген анықтама береді: «Субмәдениет өздерінің қоғамнан жетіспеген құндылықтарды өздері сияқты адамдардан алу» деген. [2] Д.В.Ольшанский осы пікірді қолдай отырып, жастардың субмәдениеті әрекетін анықтайтын келесі ерекшеліктерін бөліп көрсетеді:

- 1.Өз-өзімен бірге болуға ұмтылу;
- 2.Еліктеу;
3. Сатылық инстинкт;
4. Бәсекелестік, дұшпандық;
- 5.Жоғары талпыныс . [3]

Жоғарыда айтылған субмәдениет әрекетін анықтайтын ерекшеліктер бүгінгі қоғамға Батыс мәдениеті арқылы келген үлкен мәселе болып отыр. Себебі субмәдениет өкілі саналған адам өзінің ұлттық болмысын, ұлттық дүниетанымдық көзқарасын ұмытады. Осыны байқаған ғалымдар, соның ішінде Қазақстандық социолог ғалым Г.Абдирайымова былай деп ой қорытады: « Соңғы он жылдықта қазақ жастары мен ұлттық-мәдени құндылықтардың арасы айтарлықтай алшықтап бара жатыр». Соның нәтижесінде жасөспірімдердің субмәдениет өкіліне айналуының бірнеше факторын анықтаған болатын. Олар төмендегідей:

- Отбасындағы түсініспеушіліктер, отбасына қарсы шығу;
- Мектептегі үлгермеушілік, мектеп ұжымынан оқшаулану;
- Барлық адамдар сияқты болуды қаламау;
- Өзіне айналаның көңілін аудартқысы келу;
- Өмірлік мақсаттың болмау;
- Жас ерекшелік, эмоционалды қажеттіліктер;
- Өзге мәдениетті имитациялау;
- Бос уақытты өткізу.

Осы айтылған факторлардың және ғалымдардың тұжырымдарын практикада қазақ қоғамында бақылап көру үшін сауалнама жүргіздім. Сауалнама А.Байтұрсынов атындағы №48 мектеп-лицейінің 7-8 сыныптарынан алынды. Сауалнамада төмендегідей сұрақтар қамтылды.

Өтпелі кезеңдегі балалардың субмәдениеттілікке еліктеуіне әсер етуші факторлар.

Сауалнама

1.Сіз субмәдениет ұғымымен таныссыз ба?

А.Ия

Б.Жоқ

В.Толық ақпарат білмеймін

Д.Жауап беруге қиналамын

2.Сіздің субмәдениет өкілдеріне деген көзқарасыңыз қандай?

А.Қолдаймын

Б.Бейтарап көзқарас

В.Қарсымын

Д.Жауап беруге қиналамын

3.Сіз өміріңізде субмәдениет өкілдеріне еліктедіңіз бе?

А.Ия

Б.Жоқ

В.Мүлдем қарсымын

Д.Жауап беруге қиналамын

4.Сіздің субмәдениетке еліктеуіңізге әсер еткен факторлар?

А.Сыртқы фактор (адамдардың сізге деген ойын өзгерту)

Б. Ішкі фактор (өзіңізге көңілігіздің толмау, назар аударту)

В. Орта фактор (араласатын адамдарыңыз, отбасындағы сізге деген көңілдің дұрыс бөлінбеуі)

Д. Жауап беруге қиналамын

Е. Әсер еткен фактор жоқ

5. Сіз Батыстан келген мәдени өзгерістермен ұлттық құндылықтарымызды ұштастырып қолданасыз ба?

А. Ия

Б. Жоқ


В. Тек біреуін ғана қолданамын немесе жағдайға байланысты

Д. Жауап беруге қиналамын

Сұрақтардың нәтижесі төмендегі диаграммаларда көрсетілді.


2. Сіздің субмәдениет өкілдеріне деген көзқарасыңыз қандай?

28 ответов




1. Сіз субмәдениет ұғымымен таныссыз ба?

28 ответов



4. Сіздің субмәдениетке еліктеуіңізге әсер еткен факторлар?

28 ответов



5. Сіз Батыстан келген мәдени өзгерістермен ұлттық құндылықтарымызды ұштастырып қолданасыз ба?

28 ответов



Көріп отырғанымыздай сауалнама нәтижесі бойынша, субмәдениет ұғымы бүгінгі жастарға таныс, түсінікті болуы (46,4%) олардың шетел мәдениетіне деген қандайда бір көзқарастың бар екенін және субмәдениет өкілдеріне деген көзқарастың бейтарап (39,3%) екен білдіреді. Яғни олар үшін нормаға айналған. Сонымен қатар осы субмәдениетке еліктеуге қандайда бір факторлардың әсер еткенін көрсеткен. Бұл дегеніміз Қазақстан жастарының субмәдениет өкіліне еліктеуіне сыртқы (3,6%) және ішкі (7,1%) фактормен қатар орта (7,1%) фактордың әсер еткенін білеміз. Бүгінгі таңда Батыс мәдениетімен ұлттық құндылығымызды ұштастырып пайдаланатын жастарымыздың көрсеткен көрсеткіші қуантады. Себебі олар ұлттық дүниетанымымызды ұмытпастан және өзге мәдениетке еліктеп кетпей екеу ара байланыс жасай білген. Тұжырымдай келе, жастардың әлеуметтік ортада болып жатқын өзгерістерге бей-жай қарамайтынын және де өздерінің тарапынан сол өзгеріске жауап беретінін ашық білдіре алатыныны байқаймыз.

Жоғарыдағы зерттеуді қорытындылай келе, біріншіден, әлемдік жаһандандудың кеңінен етек алуына байланысты жастар арасында ұлттық мәдениетті насихаттау, заманауи мәдениетпен кіріктіре отырып тәрбиенің өзегіне ұлттық мәдениетті алу қажет. Екіншіден, мектеп оқушыларының арасында субмәдениеттің қызығушылық тудыратын тұстары мен оның ұлттыққа сәйкес келмейтін тұстарын салыстырмалы талдау жасау мақсатында пікірталастар сияқты белгілі бір іс-шараларды ұйымдастыру қажет. Үшіншіден, оқушылардың ата-

аналарымен және субмәдениетті қолдайтын оқушылардың ата-аналарының арасында пікір алмасулар мен сұхбаттар жүргізу қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Мардахаев Л.В., Беркімбаева Ш.К., Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Тастемірова Л.Ө., Майғаранова Ш.М., Абаева Ғ.А., Колумбаева Ш.Ж. Әлеуметтік педагогика. Оқулық. –Алматы. - 2012. – 358 б.
2. Ахметов Д.А, Аликбаева М.Б. «Ғылым әлемі». Халықаралық конференциялардың материалдар жинағы. 2012. 341 бет.
3. Ольшанский Д.В. Неформалы: групповой портрет в интерьере. Москва.1959.-212 с.

ӘӨЖ 378.1

ЖОО – ДАҒЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ОРТАҒА БЕЙІМДЕУДЕГІ ТЬЮТОРЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Дәулетханова Айнұр Сембекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 7М01104 – «Білім берудегі тьютор» мамандығының
1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі -А.К.Махадиева

Бірінші курс студентінің университетке бейімделуі - оқу процесінің маңызды элементтерінің бірі. Университет осы кезеңде студенттің жеке тұлғасын дамытудың қолайлы алаңына айналып, оған бейімделуге көмектесіп, биік мақсаттарға жетуге ынталандыруы керек. Бейімделу бұл жерде үлкен рөл атқарады, өйткені ол тұлғаның оң әлеуметтенуіне, оның университеттің оқу және сабақтан тыс процестеріне араласуына жауап береді. Бейімделу проблемасы білім берудің әртүрлі деңгейлері үшін өзекті болып қала береді, сондықтан бейімделу адамның жаңа жаһандық жүйенің бір бөлігі болып, оның ережелерін сақтауы, оларды орындауы қажет болған сәтте көрінеді деп айтуға болады.

Бейімделу процесінде оқушының білім беру ортасында бар ережелерді қабылдау және түсіну, олармен өзара әрекеттесу, әсер ету және түрлендіруді үйренуі маңызды.

Зерттеушілер бірінші курс студентінің тұлғасының университет ортасына бейімделуінің бірнеше кезеңдері бар екенін атап өтеді, олар мыналарды қамтиды:

- бірінші (бастапқы) кезең, оның барысында бірінші курс студенті немесе бірінші курс студенттерінің тобы университет ішіндегі мінез-құлық және өзара әрекеттесу ережелерін түсінуге келеді, бірақ олар бұрынғы ережелердің дұрыстығына сенімді болғандықтан олар бұрын араласқан (мектепте немесе колледжде) ескі құндылықтар мен көзқарастар жүйесін ұстанатын әлеуметтік орта, оларды ұстанбайды.;

- екінші кезең, оны толеранттылық кезеңі деп те атайды, ол бірінші курс студенті мен білім беру ортасының бір мезгілде белгілі бір ерекше белгілерге, қасиеттерге және бір-біріне деген көзқарастарына өзара төзімділік танытуын білдіреді;

- үшінші кезең, немесе аккомодация кезеңі білім беру ортасы білім алушының құндылықтар жүйесінің негізгі элементтерін қабылдайтын болса, білім беру ортасының құндылықтар жүйесінің маңызды аспектілерін студенттің қабылдауын қамтамасыз ететін орналастыру кезеңі;

- төртінші кезең, оны «ассимиляция кезеңі» деген атпен жиі кездестіруге болады, оның аясында студенттің, студенттер тобының және білім берудегі әлеуметтік-мәдени ортаның құндылықтар жүйесінің абсолютті сәйкестігі байқалады [1].